Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№16 (820) Сәрсенбі 19 сәуір 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti



## АЛТАЙ КӨЛГІНОВ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ҚЫЗЫЛОРДАҒА КЕЛДІ

**ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгінов облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге бірқатар әлеуметтік нысанды аралап, жұмысымен танысты.**

Үкімет басшысының орынбасарының өңірге жұмыс сапары Шиелі ауданынан басталды. Алтай Сейдірұлы Иіркөл ауылдық округі Жансейіт ауылындағы апаттық жағдайдағы №133 негізгі мектеп жұмысымен танысты. Нысан 1979 жылы салынған, ғимаратында ыңғайластырылып жасалған 6 сынып бөлмесі, мұғалімдер бөлмесі, медициналық кабинет бар. Спорт залы, асхана, акт залы жоқ, материалдық-техникалық базасы талаптарға сәйкес келмейді. Қосымша сабақтар, үйірмелер өткізуге мүмкіншілік жоқ. Мектеп оқушылары екі ауысымда оқиды, қазіргі таңда мектепте 90 оқушы білім алуда. Қазірде елдімекенде 0-6 жас аралығында 70 бала бар және алдағы уақытта оқушылар саны одан әрі артатын болады, сондықтан мұнда жаңа білім ордасын салу қажеттігі бар.

Әрі қарай Алтай Көлгінов Жаңатұрмыс ауылдық округіндегі Байсын ауылына барып, 250 орындық №207 мектеп құрылысын саралады. Екі қабаттан тұратын мектеп ғимаратын бас мердігер -«Авангард ПГС» ЖШС салуда. Құрылыс жұмыстарының жалпы құны 942,5 млн теңге, нысан бір жыл ішінде бой көтермек.Бұдан бөлек, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Шиелі кентіндегі апаттық жағдайдағы №45 мектеп-гимназиясының жұмысымен танысты. Мекеме 1922 жылы ашылып, 1958 жылы бейімделген жобадағы мектеп ғимаратына көшірілді.

Сыйымдылығы 640 орынды құрайтын ғимаратта қазіргі таңда 777 оқушы білім алуда.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру және өзекті мәселелерді шешу, апатты және үш ауысымды мектептерді жою, педагогтерді қолдау, қалалық және ауылдық мектептердегі білім деңгейін теңестіру үшін жағдайлар жасалуда. Үш ауысымды және апатты мектептер мәселесі биыл басталатын «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында шешім табады», – деп атап өтті Алтай Көлгінов. – 2023 жылы «Білім беруді қолдау қоры» есебінен Қызылорда облысында 5 мектеп салынады, оның ішінде дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты бар.

Еске салсақ, өткен жылдың желтоқсан айында Үкімет басшысы Әлихан Асханұлы Смайыловтың Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапары кезінде Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатын салу, тағы 1 775 орынға арналған 4 мектеп құрылысын аяқтау «Білімді қолдау қоры» қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыстар тізіміне енгізілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста алдағы 3 жылда 15 100 орынға арналған құны 100 млрд. теңгеден асатын 21 мектеп салынады. Биыл 10 мектептің құрылысы басталады. Нәтижесінде 2025 жылы өңірдегі үш ауысымды және апатты мектептер мәселесі шешімін тауып, балалардың сапалы білім алуына жағдай жасалады.

Өңірге жұмыс сапары барысында Үкімет басшысының орынбасары Шиелі орталық көпбейінді аудандық ауруханасын аралап көрді. Қызмет ету тарихы бір ғасырдан астам бұл мекеме 1974 жылы Бәйгеқұм ауылынан жаңа ғимаратқа көшіріліп, Шиелі аудандық аурухана болып қайта құрылды. Ғимараттың жалпы алаңы 66 мың ш.м. астам, мұнда 271 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде 41 дәрігер, 127 медбике, 63 – техникалық және т.б. қызметкерлер.Еске салсақ, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары Қызылорда облысында 27 денсаулық сақтау нысаны бой көтермек. Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Жобаның жалпы құны – 36,4 млрд. теңге.

Айта кетейік, ертең ҚР Премьер-Министрінің орынбасары облыс орталығында тұрғындармен кездесіп, «Ауыл аманаты» жобасын түсіндіреді және Жастар ресурстық орталығының жұмысымен танысады.

## УРАН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ КӘСІП ОРЫНДАРЫНДА ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ

**Қызылорда облысының өзінде табанымыздың астынан талай байлық шығып жатыр. Мұнай десеңіз, мұнай бар. Уранның жайы тіпті бөлек. Бүгінде уран өндірісі Қазақстан экономикасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Ал еліміз уран өндіру бойынша әлемнің көшбасшы мемлекеттерінің біріне айналды.**

Жасыл сутегі өндірісіне бет бұрған Қазақстан дәл қазір уран шығарудан дүние жүзінде алғашқы орында тұр. Тіпті Қазақстанның уранына сұраныс жоғары. Дәл қазір біздің өнім АҚШ, Канада, Ресей, Қытай сынды алпауыт елдер мен Еуроодаққа сатылып жатыр. Отандық өндірушілер соңғы 5 жыл бойы өнім сатудан әлемде бірінші орыннан түскен жоқ. Біздегі уранды өндіру әдісі де өзгеше. Шикізатты жердің астынан қазып алмаймыз. Яғни, топырақтың тоз - тозын шығару деген жоқ. Алдымен арнайы құбырлар арқылы уранды жібітеді, кейін ол сұйықтық күйінде сыртқа шығады.

Біздің әдіс, осы жер асты ұңғымалық әдісі дәстүрлі әдістерге қарағанда яғни, шахталық, немесе карерлық әдістерге қарағанда табиғатқа кері әсері өте аз. Өйткені біз мұнда тау-кенді жер бетінен көтермейміз. Жатқан жерінен өңдеп, құрамындағы уранды ғана жер бетіне көтеріп аламыз. Бұл уранның сапасына әсер етпейді.

Еліміз уран өндіруден әлемде бірінші орында, ал уран қоры бойынша екінші орында. 2018 жылдан бастап уран сату көлемі бойынша да әлемде бірінші орынға шықты. Орта есеппен елімізде жыл сайын 20 мың тоннадан астам уран өндіреді. Бұл – әлемдегі бүкіл уран өндірісі көлемінің шамамен 40 пайызы. Еліміздегі алғашқы өнеркәсіптік «Қордай» кен орны 1951 жылы барланған. Ал 1960 жылдардың соңында Қазақстанның оңтүстігінде «Шу-Сарысу», «Іле» және «Сырдария» уран кеніштері анықталды. Бұл аумақтар уран қоры бойынша әлемдегі ең ірі өңірлерге айналды.

Уран кен орындарын шахталық және карьерлік әдістерге қарағанда, ұңғымалы шаймалау әдісімен игерудің жер қыртысына теріс әсері жоқ деуге де болады. Сала мамандары өндіріс салдарынан жердің шөгіп, топырақ бұзылмайтынын және жердің бетінде үйінділер қалмайтынын айтады. Біздің бағымызға орай жер асты ұңғымалы шаймалау әдісімен игеруге жарамды әлемдік барланған уран қорының 65 пайыздан астамы Қазақстан аумағында орналасқан. Еліміз бойынша уран Түркістан, Қызылорда және Ақмола облыстарында өндіріледі. Өндіріс үрдісі бірнеше кезеңнен тұрады. Жер астынан тартып алу ең алғашқы қадам. Жер астынан шығарылған уранды сары ұнтақ күйге дейін жеткізіп, әрі қарай өңдеу зауыттарына жібереді. Олар Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан.

2020 жылы «Қазатомөнеркәсіп» уранды аффинаждау және конверсиялау бойынша CAMECO технологияларына қол жеткізді. Сәйкесінше уран өндірісінде тағы бір қосымша құн қосылып, кіріс артады. Алайда уранды байыту технологиясы әлі күнге дейін бізге қолжетімсіз болып тұр. Қазақстан бұл процесс үшін өңделген уранды солтүстіктегі көрші елге жіберіп, Ресейдің уран байыту жобасына қатысып келеді. Ал уран тотығының ұнтағы мен отын таблеткаларын өндіру Үлбі металлургия зауытында 1973 жылдан бері іске асырылып келеді. Сонымен қатар Үлбі металлургия зауытының базасында қытайлық CGNPC компаниясымен бірге отын құрамаларын өндіру жобасы қолға алынған.

Осы арада айта кетерлігі, уран өндіретін кәсіпорындарда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылауды күшейту, қауіпті өндірістік объектілердің және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі өзге де ұйымдардың мамандарын, жұмыскерлерін даярлау, қайта даярлауында аса жауапкершілікпен қарау дозиметрлік бақылаудан өтіп тұруы керек. Сонымен қатар, мекеме қызметкерлері жыл сайын кешенді медициналық бақылаудан өтеді.

Сондай-ақ, жұмысшылардың денесін, тері қабаттарын және киімдерінің ластануын бақылап отыратын арнайы пункттер тәулік бойына жұмыс істейді. Ал бұл шаралар бұзылса, оқыс-оқиғаларға, аварияларға, жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін. Өйткені, әрбір селсоқ істің артында адам мен табиғат тағдыры тұр.

**Еркебұлан ЖАРАСОВ,**
**ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті тау-кен өнеркәсібін және атом энергиясын пайдалану объектілерін мемлекеттік қадағалау бөлімінің бас маманы**

## МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ПОЛИЦЕЙІМ

**2023 жылдың 17-21 сәуір аралығында облыс көлемінде «Мен және менің полицейім» атты акциясы өткізілуде.**

Акцияның мақсаты – кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру, отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтарды насихаттау, азаматтардың ішкі істер органдарына деген сенімін арттыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды полиция жұмысымен таныстыру және қауіпсіздік шараларына үйрету болып табылады.

Аталмыш акция шеңберінде бүгін Қызылорда облысы Полиция департаменті басшылығының бастамасымен «Ашық есік күні» өткізілді. Мектеп оқушыларына Полиция департаментінің мұражайы мен Жедел басқару орталығы, Жылдам қимылдайтын жасақ, Кинология орталығының есірткі заттарын анықтайтын иісшіл иттердің жасырылған жұмысы таныстырылды.

Оқушыларға мұражайда департаменттің тарихы және ауған соғысы ардагерлері, ерлік бұрышы, ішкі істер органдарының ардагерлері Е.Демесинов және Ұлы Отан соғысының ардагері А. Сағымбайдың жеке заттары таныстырылды.

Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Жедел басқару орталығының қызметкерлерімен бейнебақылау камералары арқылы қылмыстарды қалай анықтайтындығы көрсетілді.

Оқушылар қала аумағында орналасқан бейнебақылау камералары қоғамдық орындар мен көпқабатты үйлерде, өздері білім алып жатқан мектептердің ішкі ғимараттарының аумағына және Жедел басқару орталығына қосылғандығын көрді.

Бүгінгі іс-шараға қатысқан 200-ден астам оқушы өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

**«Ел тілегі» ақпарат**

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ТАРАПТАРДЫҢ ТАТУЛАСУЫ БОЙЫНША ТОҚТАТЫЛДЫ

**Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігімен азамат Т-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.**

Сотта анықталғандай, сотталушы Т. сауда дүкенінің сатылым залы орналасқан бөлмесіне емін-еркін кіріп-шығуға рұқсаты бар сатушы-кеңесші қызметін атқарып жүріп, осы бөлмедегі шыныдан жасалынған жабық сөреде тұрған қол сағаттардың ішіндегі қара түсті қол сағатты ұрлап алып, сауда дүкеніне 74 992, 96 теңге материалдық шығын келтірген.

Алайда, сотқа жәбірленуші өкілі К. қылмыспен келтірілген шығын өтелгендігін, қояр талап-тілегі жоқ екенін, сондықтан сотталушымен татуласуына байланысты қылмыстық істі тоқтатуды сұрап өтініш білдірген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Осының негізінде, сотталушы Т. қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігінің талабына сай, жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылып, іс өндірістен тоқтатылды.

## ТІГІН ЦЕХЫНДАҒЫ ТЫНДЫРЫМДЫ ТІРШІЛІК

Жазасын өтеушілерді мекеме қабырғасында еңбекке тарту белгілі бір кезеңде жүзеге асады. Жазасын өтеушілер еңбек ету арқылы мемлекетке, сот орындаушысына немесе жәбірленушіге берешегін өтеп, ал, ешқандай қарызы жоқ еңбек етуші жалақысының жартысын отбасына жіберіп, қалған бөлігін өз қажеттілігіне жұмсайды.

Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №60 мекемесінің өндірістік аймағында алты кәсіпкер кәсібін ашып, мерзімін өтеуші азаматтарды жұмыспен қамтып отыр. Соның бірі - тігін цехы. Бұл кәсіпорында он сегіз жазасын өтеуші жұмысқа арналған арнайы киімдерді тігуде. Арнайы киімнің негізгі қызметі – қорғаныш. Сондықтан, қосымша қорғаныш қасиеттері бар материалды қолдану арқылы тұтынушының талабына сай жұмыс жүргізуде. Өзінің жеке талғамы бойынша тапсырыс бергісі келетіндер үшін тапсырыс беруші кәсіпорын иесіне өзінің қалауын жеткізіп, қандай мақсатта киетінін айтады. Кәсіпкер тапсырыс берушінің көкейіндегіні дөп басу үшін қоластындағы қызметкеріне киім үлгісін алдымен қағаз бетіне түсіртіп көрсетеді. Дайын болған үлгіге жан бітіру үшін мата мен өнімді таңдау жұмыстары басталады. Кейін құрастырушы жұмысын бастайды. Ол өзінің міндетіне байланысты өлшемдер алады. Киімнің өлшемін алу үшін тапсырыс беруші берген дене бітім өлшемдерін ескереді.

Киім үлгісі белгілі болып өлшем алынған киім пішетін еңбек етушіге жіберіледі. Қолмен тігілсе, қолөнерімен айналысатын шеберлердің қолына тапсырылады.Барлық жұмыстар жүргізіліп болғаннан кейін дайын өнім тапсырыс берушінің қолына тапсырылады. Арнайы киім тігу әдісі қарапайым киім тігу әдісінен айтарлықтай ерекшеленбейді. Алайда, аса жауапкершілікті талап етеді.

–Жеке кәсіпкерлік цехында тігінші болып еңбек етудемін. Тапсырыстардың түсуіне қарай арнайы киімдер тігеміз. Жалақымыз тындырған ісімізге байланысты тұрақты түрде төленеді. Зейнетақы қорының аударымдары жөнінде де осылай дей аламын. Мұндағы жұмысым өзіме ұнайды. Ұжым мен басшылық арасында түсіністік пен өзара келісім қалыптасқан,- деді жазасын өтеушілердің бірі.

Жұмыспен қамтып отқан кәсіпкер тапсырыстың көптігіне байланысты алдағы уақытта қызметкерлер санын арттыру жоспарда бар екенін айтып, қоластындағы қызметкерлерің еңбегіне ризашылығын білдірді.

**Адина ЖОМАРТҚЫЗЫ**

## ПРОБАЦИЯ ЕСЕБІНДЕГІ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ТАҒАЙЫНДАЛҒАН СОТТАЛҒАНДАР ҚАДАҒАЛАНУДА

Пробация есебінде тұрған сотталған азамат сотпен жүктелген мәжбүрлі еңбекті орындауда. Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің Қармақшы аудандық пробация қызметінің есебіндегі мәжбүрлі еңбекке тартылған азаматтар тұрғылықты жері бойынша атқарушы органдарда тиісті жазаларын орындап жатыр.

Жуырда аудандық пробация есебіне алынған Қ .есімді азамат сот тағайындаған 100 сағаттық мәжбүрлі еңбекті өтеуде. Атап айтар болсақ, бұл азамат ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөлігінің 1,3) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 3 жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жылына бір жүз сағатқа мәжбүрлі еңбек атқару міндеттелген. Өзінің айтуынша танымайтын азаматты ұрып, қалтасындағы телефонын тартып алған.

Қазіргі таңда сотталған азамат өзінің тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органы белгілеген орында мәжбүрлі түрде күніне 4 сағаттан аспайтын уақытта тазалық және көкалдандыру жұмыстарымен айналысуда.

Сотталғанның сот үкімімен жүктелеген мәжбүрлі еңбек атқаруын Қармақшы аудандық прокуратурасымен бірлесіп тексеріп, оған жаза өтеу тәртібі мен жауапкершіліктері түсіндірілді.

**Б.САУЛЕБЕКОВ,**
**Қармақшы аудандық пробация қызметінің инспекторы, әділет майоры**

# МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН КӘСІПКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ДАУЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Қызылорда облыстық соты Қызылорда облыстық сотының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотымен бірлесіп «Мемлекеттік сатып алу заңнамаларын қолдану ерекшеліктері», «Мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер арасындағы дауларды қарау кезіндегі мәселелер» тақырыптарында дөңгелек үстел өткізді.**

Кездесуде Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Оспанова, Қызылорда облыстық сотының судьясы К.Каниева, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Г.Мырзатаева, судьялар З.Жарылқасынова, А.Сарсенбаев қатысып, тақырып аясында баяндамаларын оқыды. Сондай-ақ шараға Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің, Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Қызылорда облысы бойынша филиалының өкілдері және кәсіпкерлер қатысты.

Іс-шарада Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің және басқа да нормативтік актілерді қолданудағы ерекшеліктер және кәсіпкерлер назар аударуға жататын мәселелер талқыланды. ӘРПК әділеттілік және мөлшерлестік қағидаттары мемлекеттік органдармен қатынастарда кәсіпкерлердің құқықтарын іске асыруға ықпал ететіндігі айтылды.

Сондай-ақ, әкімшілік әділеттің нәтижесінде жария-құқықтық қатынастардан туындаған даулардың заң талаптары бойынша әкімшілік органдарға және лауазымды тұлғаларға жауапкершілік қарастырылғаны айтылды.

Жиында әкімшілік органдар тарапынан кәсіпкерлерге насихат жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныстар айтылды.

# ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ СОТЫ 2023 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ТОҚСАНЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫ

**Қазалы аудандық сотының төрағасы Д.Н.Абдыкалыков жергілікті «Тұран Қазалы» газетінің тілшісі Ә.Жәлиева және «Қазалы» газетінің тілшісі А.Қазмамбетованың қатысуларымен 2023 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындысы бойынша баспасөз конференциясын өткізді.**

Сот төрағасы Д.Н.Абдыкалыков аталған уақытта аудандық сотта қаралған қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қозғалысын өткен жылдың 1-ші тоқсанымен салыстырмалы түрде баяндап өтті.

Сонымен қатар, 2023 жылғы наурыз айынан бастап «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңы күшіне енгендігін атап өтті.

Банкорттық туралы заң рәсімінің үш түрін көздейді. Олар - соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Аталған заң азаматтарға кредиторлар алдындағы қарыздарын толығымен өтеуге және қаржылық проблемалардан шығуға мүмкіндік беретінін, сондай-ақ банкроттықтан кейін туындайтын салдарына тоқталып өтті.

Баспасөз конференциясын қорытындылай келе, сот төрағасы БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап беріп, шараға қатысқандары үшін алғысын білдірді.

# БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ БОЛА ТҰРА, КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРҒАН

**Қармақшы аудандық сотында Ж.-ға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 612 бабының 4-1 бөлігімен (басқару құқығы жоқ адамның көлік құралын басқару)әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.**

Азамат Ж. көлік құралын басқару құқығынан айырыла тұра, 2023 жылдың наурыз айында Төретам кенті, Жанқожа батыр көшесінің бойында автокөлігін басқарған. Әкімшілік құқық бұзушылық әрекетін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде екі рет қайталап жасаған.

Сотта ол кінәсін толық мойындап, жеңіл жаза қолдануды сұрады.

Қармақшы аудандық сотының қаулысымен Ж. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 612 бабының 4-1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 169 050 теңге мөлшерде айыппұл салынды. Сот қаулысы заңды күшінде.

# БАЛАЛАРДЫ МЕЙІРІМДІЛІККЕ БӨЛЕЙІК!

**Қызылорда облысы Полиция департаментінің Жергілікті Полиция қызметі басқармасының ұйымдастыруымен Шымкент қалалық Қуыршақ және жасөспірімдер театрының қолдауымен Қызылорда қаласында орналасқан «Ана Үйі» қоғамдық қорының мекемесінде «Балаларды мейірімділікке бөлейік!» атты қайырымдылық іс-шарасы өткізілді.**

Іс-шараға «Ана Үйі» қоғамдық қорында бейімделіп жатқан аналар мен балалар және әлеуметтік қызметшілердің балалары қатыстырылды.

Шараны Жергілікті Полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Д.Майрихов ашып, қатысушы аналар мен балаларға жақсы көңіл - күй тілеп, өз лебізін білдірді.

Шымкент қалалық «Қуыршақ және жасөспірімдер» театры балаларға «Кел балалар ойнайық» атты қойылымын ұсынды.

# БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МАҚСАТ

**Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда күрделі мәселелердің біріне айналып отыр.**

Қызылорда облысының Полиция департаментімен бұл бағытта жүйелі түрде алдын алу шаралары жүргізілуде.

Жыл басынан ювеналды полиция бөліністерінің қызметкерлерімен барлығы 2322 құқық бұзушы ішкі істер органдарына жеткізілсе, оның ішінде 94 кәмелетке толмаған бейімдеу орталығына жатқызылды, 11 жасөспірім қылмыс жасағандары үшін ұсталды. Сондай-ақ түнгі уақытта заңды өкілінсіз тұрғын жайдан тыс жерде жүрген 1252 кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қызылорда облысындағы қоғамдық орындар мен көшелерде, түнгі клубтарда, кафе-барлар мен мейрамханаларда мектеп оқушыларының түнгі жүрістерін ырықтау, бей-берекеттіліктің алдын алу, олар тарапынан түн мезгілдерінде орын алатын құқық бұзушылықпен қылмыстың алдын алу мақсатында күнделікті кешкі сағат 22:00-ден бастап рейдтік шаралар жүргізілуде.

Әрбір рейдтер бойынша ата-аналар мен жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, топтасып жасалған құқық бұзушылықтың зардаптары, оның жауапкершілігі туралы түсіндіріліп келеді.

Облыс көлемінде кәмелетке толмағандар арасындағы криминогенді жағдай, жасөспірімнің барлық құқық бұзушылық мәселелеріне тосқауыл қою, басқа да құқық қорғау органдарымен, бала тәрбиесіне қатысты да, жауапты құзырлы мекемелермен бірлесіп атқарар жұмыстар мен тағы басқа мәселелерге ерекше көңіл аударылуда.

Балалардың тәрбиесімен айналыспай, ата-аналық міндеттерін дәлелсіз себептермен орындамайтын 2 ата-ананы сот құзырымен ата-аналық құқығынан айырылса, 4 ата-ананың ата-аналық құқығы шектелді. 3 кәмелетке толмағандар Облыстық девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернатына орналастырылды.

Балалардың қауіпсіздігі – бірінші орында. Олардың қауіпсіздігіне тек тиісті мекемелер ғана емес, тұтас қоғам жауапты болу керек. Сонда ғана бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Тек полиция күшімен кәмелеттік жасқа толмағандардың және оларға қарсы жасалатын қылмыстарды тыю мүмкін емес.

Сол себептен, бала тәрбиесіне мүдделі органдармен бірігіп балалар мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу оң нәтиже беретіні анық.

Қазіргі уақытта жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған рейдтер өз жалғасын табуда.

Іс-шара барысында ІІО-ның қызметкерлері, денсаулық сақтау, үкіметтік емес, білім беру ұйымдарының өкілдерін және бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін кәмелетке толмағандар түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болу деректерін, сондай-ақ, сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде болуы, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз және панасыз қалу деректерін анықтау мақсатында рейдтер ұйымдастырылып келеді.

Күнделікті полиция қызметкерлері компьютерлік клубтар мен дүкендерді, ойын сауық орындарын тексеріп отыр.

Бұл жұмыстарды облыс бойынша 100-ге жуық ювеналды инспекторлар атқаруда. Олармен соңғы үш күн ішінде 170-тен астам құқық бұзушылық анықталды.

Мәселен, облыс орталығының өзінде сәуір айының басынан кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ішкі істер органдарына 110 жасөспірім жеткізіліп, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабына сәйкес (Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы) заңды өкілдері мен ата – аналарына 110 әкімшілік хаттама толтырылды. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына 18 жасөспірім орналастырылды.

Сонымен қатар, облысымыздағы жасөспірімдер мен жастардың құқықтық мәдениетін көтеру, оларға құқықтық тәрбие беру үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері және басқа да мүдделі органдарының өкілдерімен бірлесе отырып оқу орындарында 337 дәрістер, 51 кездесулер ұйымдастырылды.

Іс-шара барысы жергілікті телеарнада, баспа беттерінде және интернет-ресурстарында кеңінен жариялануда.

Алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан бұл шаралар алдағы уақытта да жалғаспақ.

**МӘМС**

# 5 МЫҢНАН АСТАМ ҚАБЫЛДАУДЫ «ҚОСЫП ЖАЗҒАНЫН» АНЫҚТАДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сарапшылары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында жеткізушілер көрсеткен қызметтердің сапасы мен көлеміне тұрақты түрде мониторинг жүргізеді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов хабарлағандай, 2022 жылғы мониторинг нәтижелері бойынша сарапшылар 95 мыңнан астам ақауларды анықтады. Салыстырар болсақ, 2021 жылы бұл көрсеткіш 67 мыңды құраған еді. Оның ішінде 26 млн теңгеге 5 073 көрсетілмеген қызмет көрсетілді деп жазылған.

Медициналық көмек түрлеріне жіктеп айтсақ, 10 медициналық мекмелер бойынша жалған жазбалардың барлығы жан басына шаққандағы кешенді нормативтен тыс консультациялық-диагностикалық қызметтерге тиесілі (100%). Оның 8-і (80%) – мемлекеттік, 2-і (20%) – жекеменшік.

«Құқық бұзған» денсаулық сақтау субъектілеріне қатысты айыппұл санкциялары қолданылды.

Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы тұрғысынан медициналық ұйымдардың міндеттемелері шарттық қатынастардың маңызды бөлігі болып саналады және Қор олардың орындалуын талап етуге құқылы.

Сондай-ақ Қор жеткізушілері тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеттері аясында көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу аталған қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылатынын атап өткен жөн. Яғни, медициналық көмек көрсетудің стандарттары мен ережелерін, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдарын сақтай отырып, құжатпен расталған ақылы қызметтер ғана төленеді.

# МАС ЖҮРГІЗУШІ РӨЛГЕ ҚАЙТА ОТЫРҒАН

Рейдтік жұмыстар барысында полиция қызметкерлері Қызылорда облысы Қармақшы ауданы көшелерінің бірінде жол жүрісі қағидаларын бұзған жеңіл автокөлігі тоқтатылды.

Құжаттарын тексеру барысында мас жүргізуші бұрын сот шешімімен 05 қазан 2021 жылы 7 жылға автокөлік басқару құқығынан айырылғаны анықталды. 52 жастағы жүргізушінің автокөлікті мас күйінде басқарғаны анықталды. Құқық бұзушы уақытша ұстау изоляторына қамалып, автокөлік айып алаңына қойылды.

Аталған факті бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 346-бабының 1-бөлігімен (көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы) сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

**Қызылорда облысы ПД баспасөз қызметі**



# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ЖОҒАРҒЫ СОТТА БОЛДЫ

**Жоғарғы Соттың Төрағасы Асламбек Мерғалиев Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаевты қабылдады. Кездесуге Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров қатысты.**

А.Мерғалиев өз сөзінде сот жүйесінде жүргізіліп жатқан өзгерістердің құқық үстемдігін қамтамасыз етуге, азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғау сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтті. Ол сонымен қатар судьялар корпусының реформалар бағыттарын әзірлеу бойынша ұсыныстар үшін ашықтығын, Бизнес-омбудсменмен, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының және Республикалық адвокаттар алқасының басшылығымен бірлесіп жұмыс істеліп жатқанын айтты. Жоғарғы Соттың Төрағасы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтымен де диалогқа дайын екендігін білдірді.

Өз кезегінде А. Ластаев өзі басқаратын ведомствоның қызметі туралы хабардар етті.

Тараптар бұлтартпау және қылмыстық жазалау шараларын қолдану аясын кеңейту, күзетпен ұстауға және бас бостандығынан айыруға балама жөнінде, шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтінішхаттарды алқабилер сотының қарауына беру мәселелері бойынша пікір алмасты. Сондай-ақ сот актілеріне шағымдарды қарау тәртібі туралы да айтылды.

Кездесу соңында тараптар ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге мүдделілік білдірді.

# ТӘРТІП ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚТЫ САҚТАУ – МІНДЕТ

**Қызылорда облысының Полиция департаментінде Департамент бастығының орынбасары полиция полковнигі Утегенов Амиржан Сермаханұлының төрағалығымен жедел Кеңес өтті.**

Күн тәртібінде жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету бойынша атқарылған шаралар қаралды.

Сонымен қатар, 2023 жылдың 28 наурызында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары М.Ш. Қожаевтың төрағалығымен өткен жедел кеңесте берілген тапсырмалар жеке құрамға таныстырылды.

Жалпы, Қызылорда облысы Полиция департаментінің Кадр саясаты басқармасымен жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету бағытында жүйелі түрде жұмыстар атқарылуда.

Тәртіптік комиссияның 14 отырысы өткізіліп, оның шешімі бойынша 22 қызметкер тәртіптік жазаға тартылды.

Жыл басынан «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-бабының талаптарын бұзғаны үшін 2 қызметкер жауапкершілікке тартылды.

Жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында департаменттің Өзіндік қауіпсіздік және Кадр саясаты басқармаларымен бірлесіп, 19 рейдтік іс-шаралар жүргізілді.

Айта кетерлігі, есепті мерзімде сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстық істер тіркелген жоқ.

Ағымдағы жылдың 28 наурызында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары М.Ш.Қожаевтың төрағалығымен жедел кеңес өткізіліп, онда ішкі істер бөліністерінде жеке құрам қызметкерлерімен орын алған заңсыз әрекеттеріне жол берген басшылық тарапынан қатаң тәртіптік шара қолданылып, мұндай фактілердің алдын алу және болдырмау бойынша Өзіндік қауіпсіздік және Кадр саясаты басқармаларына бірқатар тапсырмалар берілді. Атқарылған шаралар Департамент басшылығымен сараланды.

Департамент бастығының орынбасары полиция полковнигі Утегенов Амиржан Сермаханұлы жеке құрам арасында заңдылық пен қызметтік тәртіптің сақталуына тиісті бақылауды жүзеге асыру мақсатында жеке құрам арасында заң бұзушылықтардың, жол-көлік оқиғаларын азайту және автокөліктік тәртіпті орнатуға, тәртіпті бұзуға бейім қызметкерлерді анықтауға бағытталған профилактикалық алдын-алу іс-шараларын, ата-аналар институтын жандандырып, тұрақты негізде жүргізуді тапсырды.

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС

**Қызылорда облыстық сотында аймақтық оқу орталығының ұйымдастыруымен «Қылмыстық құқық және процесс», «Әкімшілік құқық бұзушылық және процесс» секциялары бойынша семинар сабағы өткізілді.**

Семинарға қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжанов, қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттардың, Қызылорда қаласының №2 сотының және онлайн режимде аудандық соттың төрағалары мен судьялары қатысты.

Шараны облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжанов ашып, алғаш болып баяндама жасау үшін Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Д.Алиевке сөз берді.

Бандамашы алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер туралы баяндап, осы санаттағы істерді қараудың ерекшеліктеріне және алқабидің қатысуымен істерді қарау процестеріне, енгізілген өзгерістерге 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабидің қатысуымен қарауға жататын істердің санатына тоқталып, келесі жылдан бастап алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер санаты артатынын және ол қандай санаттар екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Соттардың қылмыстық істер бойынша жекеше қаулылар шығару тәжірибесі» тақырыбында Қызылорда қаласының №2 сотының төрағасы Б.Жаңабаевтың баяндамасы тыңдалды. Б.Жаңабаев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысына сілтеме жасай отырып, жекеше қаулы қандай жағдайда қабылданатынын, оған қойылатын жалпы талаптар жөнінде және Қызылорда қаласының №2 сотында қабылданған жеке қаулылардың статистикасына тоқталып кетті.

Келесі болып «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау ерекшеліктері» тақырыбында Сырдария аудандық сотының судьясы Д.Ералиев баяндама жасап, осы санаттағы қылмыс бойынша жаза ауыр екендігін, мысалы, пара алған сомаға еселенген түрде айыппұл салатыны, ол мерзімінде орындалмаса, жаза бас бостандығына айыру түріне ауысатынын атады.

Әкімшілік құқық бұзушылық және құқық секциясы бойынша Қармақшы аудандық сотының судьясы С.Желдербаев қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға, яғни ӘҚБтК-нің 436-бабына енгізілген өзгерістер туралы сөз сөйледі.

Баяндамашы өз сөзінде пиротехникалық бұйымдарды сату ережелерін бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 196-бабы бойынша (тауарларды немесе басқа заттарды заңсыз сату) әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын және бұл үшін 25 АЕК көлемінде айыппұл салынатынын, егер пиротехникалық бұйымдарды заңсыз пайдалану фактілері анықталса, құқық бұзушылар Кодекстің 436-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын, 10-15 АЕК көлемінде айыппұл салынатынын көрсетті.

Ал, «Басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» тақырыбында баяндама жасаған Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы С.Утегенова, ҚР ӘҚБтК-нің 182, 185-баптарына енгізілген өзгерістерге тоқталды.

Баяндамалардан соң тақырыптар бойынша қатысушылар бір-бірімен пікір алмасты.

# АРАЛ АУДАНДЫҚ СОТЫ 2023 ЖЫЛДЫҢ 1-ТОҚСАНЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

**Арал аудандық сотының төрағасы К.Садуақасова 2023 жылдың 3 айында сот әділдігін жүзеге асыруда атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша баспасөз мәслихатын өткізді. Шараға жергілікті басылымдардың тілшілері қатысты.**

Баспасөз мәслихатында К.Садуақасова 2023 жылдың 3-айында аудандық сотпен атқарылған жұмыстар туралы баяндап, есепті кезеңде 7 қылмыстық іс, 152 азаматтық іс, 205 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралғанын, азаматтық істер бойынша қаралған талап қоюлардың басым көпшілігін некені бұзу, заңдық маңызы бар фактіні анықтау, алимент өндіру туралы, келісім-шарт қатынастарынан туындайтын даулар құрайтынын айтып өтті.

Сондай-ақ, есепті кезеңде 30 азаматтық істің өндірістен медиация тәртібімен тоқтатылғаны, 2 азаматтық істің партисипативтік рәсім тәртібімен, 3 азаматтық істің татуласу келісімдерін жасасумен аяқталғаны, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда биыл татуластыру рәсімдері қолданылып аяқталған істердің ұлғайғаны айтылды.

Төраға құқық қолдану тәжірибесіндегі соңғы жаңашылдықтарға да тоқталып, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу мәселелерін дамыту мақсатында Азаматтық процестік кодексіне енгізілген сотқа дейінгі хаттаманың мәнін тісіндіріп, тиімділігі жайынан хабардар етті.

Бұдан соң, сот жұмысының басты бағыттарының бірі бұрыңғысынша сот жүйесі имиджін көтеру, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету болып табылатынын айтып, осы бағыттағы жұмыстарды іске асыру мақсатында тұрақты түрде судьялар мен сот қызметкерлерінің сот қызметі туралы және өзге де өзекті тақырыптарда мақалалары жарияланып, ұдайы дөңгелек үстелдер, баспасөз мәслихаттары және азаматтарды қабылдау шаралары өткізіліп жатқандығын әңгімелеп берді.

Шара соңында К.Садуақасова журналистердің қойған сауалдарына жауап беріп, баспасөз мәслихатына қатысқандары үшін оларға алғысын білдірді.

**Қармақшы аудандық сотында «Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту» тақырыбында семинар өтті.**



# СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУ

Шараға аудандық соттың кеңсе қызметкерлері, адвокат Г.Қадырбаева, «KMF» Микроқаржылық ұйымның Қармақшы аудандық бөлімшесінің басшысы Ш.Сығайбаев, онлайн байланыста «Халық Банкі» АҚ Байқоңыр қалалық филиалының аға заң кеңесшісі Г.Койшиков, «Эксперт Плюс» ЖШС заңгері Б.Елеусізов, «Экспресс Займ» ЖШС өкілі А.Сундетова және Байқоңыр қаласының адвокаты Г.Карабаева қатысты.

Семинарды соттың кеңсе меңгерушісі Е.Мәтжанов ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, мемлекеттік тілді қолдану саясатының маңыздылығын және мемлекеттік тіл мәселесін назарға салып, микроқаржылық ұйымдар мен екінші деңгейлік банк өкілдеріне, адвокаттарға іс қағаздарды жаппай мемлекеттік тілде іске асыруды ұсынды.

Семинар барысында «Халық Банкі» АҚ Байқоңыр қалалық филиалының аға заң кеңесшісі Г.Койшиков сотқа жолданып отырған талап арыздар тек қазақ тілінде беріліп отырғанын атап өтсе, бүгінгі күнге дейін талап арыздарын тек орысша мәтінде жолдап келген «Экспресс Займ» ЖШС өкілі А.Сундетова алдағы уақытта арыздарды қазақ тілінде жолдауға жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

Мемлекеттік тілді сот жүйесінде қолдану аясын кеңейту туралы семинарға қатысушы адвокаттар да өз ойларын қосып, микроқаржы ұйымдарының өкілдерімен пікір алмасты.

Семинар соңында кеңсе меңгерушісі Е.Мәтжанов қатысушыларға сотқа іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жолдауға, осылайша қазақ тілінің қолдану деңгейін көтеруге шақырды.

